

Еліміз Президентінің Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес аз қамтамасыз етілген азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының XV сессиясының 1998 жылғы 30 қаңтардағы N 15/2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Әділет басқармасында 1999 жылғы 12 қаңтарда N 53 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2011 жылғы 19 тамыздағы N 37/4 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2011.08.19 N 37/4 Шешімімен

Облыстық мәслихаттың сессиясы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі департаментінің бастығы И.Е. Шнитко мырзаның хабарламасын тыңдай келіп мынаны атап көрсетеді: ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауын орындау мақсатында аз қамтамасыз етілген азаматтарды әлеуметтік қорғау, кедейлік пен жұмыссыздықты жою жөнінде облыста айтарлықтай жұмыс жүргізіліп отыр. Облыс әкімі аймақтағы кедейлікті жою мәселелерімен айналысатын комиссия құрды.

Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес, аз қамтамасыз етілген азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі 1998 жылға арналған облыстық бағдарламаның жобасы жасалды.

Аз қамтамасыз етілгендерді әлеуметтік қорғауды күшейту мақсатында облыста аз қамтамасыз етілген азаматтарды қолдау жөнінде қор жұмыс істейді, оның негізгі мақсаты халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктеріне материалдық және қаржылық көмек көрсету болып табылады.

Облыста қайырымдылық акциялары мен шараларын өткізу жөнінде белгілі тәжірибе қалыптасты. Аз қамтамасыз етілген азаматтарды, жалғызбасты адамдар мен мүгедектерді қолдау жөнінде айлықтар мен екі айлықтар өткізу тәжірибеге енді. Сенбіліктер, телерадиомарафондар өткізу де дәстүрге айналды, олардан түсетін қаржы облыстық, қалалық және аудандық қорларға түседі.

Өткен 1997 жылы аудандық және қалалық қорларға 6888,6 мың теңге, облыстыққа - 2374,0 мың теңге түсті.

Сонымен бірге облыстық мәслихаттың сессиясы аз қамтамасыз етілген азаматтарды қолдау жөніндегі жұмыс облыстың көтерген аудандары мен қалаларында толық дәрежеде жүргізілмейтінін атап көрсетеді. Олардың кемшілігінде халықтың аз қамтамасыз етілген жіктерін әлеуметтік қолдау және көмек көрсету жөніндегі нақтылы және ықпалды шаралардың жоспарлары әлі

жасалмаған. Облыс халқының аз қамтамасыз етілген категорияға жататын топтарын нақты талдау жүргізілмейді, соның салдарынан атап көрсету жағы ақсап жатады. Азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі комиссиялар барлық жерде бірдей ықпалды жұмыс істемейді. Зеренді, Сергеев, Уәлиханов аудандарында осы уақытқа дейін қажет ететіндер үшін тегін тамақтандыру ұйымдастырылмаған. Жергілікті атқару және өкілетті органдар аудандардың қайырымдылық есепшоттарына ақша қаржысын қорландыру жөнінде жұмысты жеткіліксіз жүргізеді. Бұл жұмыс әсіресе Ақжар /59,3/, Жамбыл /68,9/, Тимирязев /24,0/, Уәлиханов /8,7/ аудандарында қанағаттанғысыз.

Жұмыссыздар саны көбеюде. Үстіміздегі жылдың басында есепте 35006 адам тұрды, олардың 24391-і әйелдер, 11048-і жастар. Жұмыссыздар саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,5 есе өсті. Әсіресе, Петропавл қаласында, Мамлют, Еңбекшілдер, Совет аудандарында жұмыссыздықтың жоғары деңгейі сақталып отыр.

Облыстық мәслихаттың XV сессиясы былай деп шешті:

1. Еңбек және облыс халқын әлеуметтік қорғау жөніндегі департамент бастығы И.Е. Шнитконың хабарламасы еске алынсын.

"Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес, аз қамтамасыз етілген азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі 1998 жылға арналған облыстық бағдарлама" мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 желтоқсандағы "Аз қамтамасыз етілген азаматтарды қолдау жөніндегі жалпыұлттық қор туралы" Жарлығына сәйкес бұрын облыс бойынша жұмыс істеп тұрған "Қамқорлық" қайырымдылық қорлары қайта тіркеуден өткізілсін, олардың жұмысы қажет ететіндерге ұдайы материалдық қолдау үшін қажетті қаржыны жинақтау ісіне бағытталсын.

3. Облыстық қаржы басқармасы ҰОС мүгедектері мен қатысушыларын санаторийлік-курорттық емдеуді облыстық бюджеттен қаржыландырудың орындылығы туралы мәселені қарайтын болсын.

4. Жергілікті өкілетті және атқару органдары, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі департамент және оның қалалар мен аудандардағы бөлімдері қайырымдылық есепшоттарында ақша қаржысын қорландыру, қажет ететін азаматтарға атаулы көмек көрсету жөніндегі жұмысты күшейтетін болсын.

5. Облыстық жұмыспен қамту орталығы, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаменті жергілікті өкілетті және атқарушы органдар жұмыссыздарды еңбекке орналастырудың, оларды шағын және орта бизнеспен айналысуға тартудың қажетті шараларын қолданатын болсын.

6. Облыстық мәслихаттың халықтың денсаулығын сақтау, оны әлеуметтік қорғау, білім беру, мәдениет және жастар істері мәселелері бойынша тұрақты

комиссиясы, Петропавл, Көкшетау қалалық және облыстық аудандық мәслихаттары Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауын және облыстың азаматтардың аз қамтамасыз етілген жіктерін әлеуметтік қорғау жөніндегі бағдарламасын жүзеге асыру барысына ұдайы бақылау жасайтын, қажет болған жағдайда бұл мәселені мәслихаттардан комиссияларының мәжілістері мен сессияларында қарайтын болсын.

*Облыстық мәслихаттың XV
сессиясының төрағасы*

*Облыстық мәслихаттың
хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК